

Жаратылыстану



5 сыныш





Сабақтың тақырыбы:

**Өсімдіктер көптүрлілігі.
Ауыл шаруашылық өсімдіктері.**

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

өсімдіктердің көптүрлілігі жайында
оқушылардың
түсініктерін кеңейту

Дамытушылық

оқушылардың ойлауын,
шығармашылық қабілетін дамыту, өз
ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру

Тәрбиелік:

табиғатты қорғауға, елін, жерін сүйуге,
мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу,
экологиялық тәрбие беру

I Ұйымдастыру кезеңі

- Қуан, шаттан!
- Қуан, шаттан!
- Қуанатын күн бүгін.
- Қайырлы таң!
- Қайырлы күн!

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктемнің қай айы?
- Бүгінгі ауа-райы қандай?
- Балалар, біз бүгін жаратылыстану пәнінен сабақ өткіземіз. Сабақты 3 топқа бөлініп өткіземіз. Алдымен өсімдіктер қандай топқа бөлінетінін айтайық.



Топқа бөлінеміз:

I топ

III топ

«Ағаштар»

II топ

«Шөптер»

«Бұталар»

II Өтілген тақырыптар бойынша алған білімдерін тексеру

Тест

1. Топырақ деп:

- а) өсімдік тамырларының шырмалуы;
- ә) жердің жануарлар ің қазатын қабаты;
- б) жер бедерінің беткі құнарлы қабаты;

2. Топырақтың негізгі қасиеті:

- а) құнарлылығы;
- ә) қарашірік;
- б) тыңайтқыш;






3.Топырақтың түсі:

а) оның құрамындағы ылғалға байланысты;

ә) құрамындағы қарашіріктің мөлшеріне байланысты;

б) егін шаруашылығына байланысты;







III Жаңа сабақ

«Табиғат – бізді қоршаған орта ғана емес, бұл – бүкілхалықтық жетістік және байлық». (В.А.Сухомлинский)



а) «Өсімдіктер» сөзжұмбағын шешейік.



ә) Оқулықпен жұмыс.

Жер бетінде өсімдіктің көптеген түрлері өседі. Өсімдіктердің көптүрлілігі сондай, әр түрдің атын атап, тізіп айту қиын. Ғалымдардың есептеуі бойынша, біздің елімізде 6 мыңнан астам өсімдік түрі өседі екен.

Алысқа бармай-ақ өз үйіңнің, мектебіңнің маңайында өсімдіктердің жайқалып өсіп тұрғанынан-ақ олардың алуан түрлі екеніне көзің жетеді. Ағаштардың өзі көп түрлі.

**ТАБИҒАТТЫҢ ӘСЕМ
КӨРІНІСТЕРІН
ТАМАШАЛАЙЫҚ!**











Alban
























KӨКТЕМ



















«Түсініп ал» белгісіндегі тапсырма:


Әр топ өсімдіктердің өзіне тән ерекшеліктерін топтастырсын.


I топ қарағайды, II топ итмұрынды, III топ қырыққұлақты суреттеп жазады.

Әр топ жетекшісі жасаған постерлерін қорғайды.

б) Сергіту жаттығуы.

Өсімдіктердің барлығы бейімделу ортасына қарай тіршілік етеді. Ол қандай жағдайлар екенін сызбаға түсірейік.





Өсімдік ыстық, сусыз құрғақ жерде де, суық, мұз, қар басқан тау етегінде де, суда да, ылғалы мол жылы жерде де өседі.

Есінде сақта!

Сонымен өсімдіктер алуан түрлі ортада, әр түрлі жағдайларда тіршілік етуге бейімделген.

Суретпен жұмыс.

1. Өсімдіктердің өсіп жетілуі үшін қандай жағдайлар қажет?
2. Ағаштың айналасынан қандай тіршілікті аңғардың, әңгімеле.





б) Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай? Оларды қорғауға қандай үлес қоса аласың?

(Әр топ постер жасап, суретін салады)

Скиперлер қорғайды және өзара бағаланады.





IV Білімді бекіту.

- Өсімдіктерді қандай белгілеріне қарап топтарға жіктейді?
- Өсімдіктердің тіршілік ортасы туралы не айтуға болады?
- Өсімдіктер қандай жер, ауа райы жағдайларында тіршілік етуге бейімделген?

V Қорытындылау.

- Біз бүгін қызықты сабақ өте отырып, жақсы білім алдық деп ойлаймын. Барлық тапсырманы дұрыс орындауға тырыстыңдар. Біздің табиғатымыз- біздің байлығымыз. Табиғатты қорғау – біздің борышымыз. Біздің халықта табиғатты қорғауға байланысты ырымдар мен тыйым сөздер, мақалдар бар.

Қане, қай топ көп біледі?





ҚОСЫМША ДЕРЕКТ





Қазақстанда өсетін шырша ағашының биіктігі 40-50 метрге жететін, көлеңке сүйгіш мәңгі жасыл ағаш.



Балқарағай 400
жылдан 900
жылға дейін өсе
береді. — 60
градус аязға төзе
береді.






Емен ағашы
25 жылдан кейін
гүлдейтін, көп
жасайтын(
800-2000ж.)

мықты ағаш.
Оның тамыры 7
метр тереңдікке
дейін таралады.



Дүниежүзіндегі
ең биік ағаш —
эвкалипт. Биіктігі
155 метр, діңінің
жуандығы 25
метрге жететін
түрі бар.



Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өсімдіктер әлемін бүкілхалық болып қорғау үшін 2005-жылы «Жасыл ел» бағдарламасын бекіткен.Әр жыл сайын елімізде 30 – 35 мың гектар жерге орман ағаштары егіледі.

VI Оқушылар білімін бағалау.



VII Үйге тапсырма беру.


Өзіңе ұнаған
өсімдіктің суретін
салып, жұмбақ,
мақал жазып келу.



VIII Кері байланыс.

Сабақтан қандай әсер алдың?

(Оқушылар шығу парағын
толтырады)





**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАҚМЕТ!!!**

